

Э.Н. Оразалиева

Назарбаев Университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: elmira.oralaliyeva@nu.edu.kz)

Түркі тілдерін зерттеудің танымдық және диалектикалық ұстанымдары

Аннотация. Когнитивті қазақ тіл білімінің теориялық және қолданбалы ұстанымдары қазіргі заманғы өзекті лингвистикалық тенденцияларды да, жаңа тұжырымдамалық тәсілдер мен әдіснамаларды да анықтайды. Бұл тұрғыда қазақ тіл білімі ғылымындағы тұжырымдамалық және құрылымдық тәсілдердің өзара байланысының ұстанымдарын зерттеудің маңызы зор. Тіл мен ойлау байланысы орнатылған қоршаған шындықтың немесе қоршаған әлемнің тіліндегі бейнесі қазіргі тіл білімінің антропоэзеттік сипатын анықтайды. Сонымен, тілдік бірліктерді диалектикалық-динамикалық құбылыстар ретінде талдау қазақ халқы әлемінің тілдік және концептуалдық бейнесін анықтауға, олардың этникалық менталитеті мен ділінің ерекшеліктерін ашуға және жалпы түркі тілдерін зерттеудің концептуалды қорының негізін қалауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, дәл осы концептуалды методология тек қазақ тілі үшін ғана емес, басқа түркі тілдері үшін де маңызды диахроникалық және синхрондық зерттеулер үшін өте жемісті болып шықты. Тілдік танымның тұжырымдамалық-когнитивті теориясы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ лингвистикасында тіл, философия, психологиямен түйіскен тұста қалыптаса бастады және ол адам болмысын танудағы салыстырмалы және құрылымдық тәсілдермен, тіл мен ойлаудың байланысымен тығыз байланысты. Құрылымдық ұстанымдардың философиялық, логикалық және танымдық бағыттар элементіне біртіндеп ауысуы қазіргі қазақ тіліндегі семантикалық зерттеулерге негіз болды. Мақалада қазақ ғалымдарының диахрония мен синхрониядағы зерттеулерінен алынған лингвистикалық бірліктерді талдау арқылы қазақ тілінің тұжырымдамалық және құрылымдық байланыстары ашылады.

Кілт сөздер: когниция, диалектикалық ұстанымдар, философия, түркі тілдері, концептуалды-құрылымдық байланыстар, қазақ тілі.

Кіріспе

Адамтанудың басты қағидаларын сұрыптаған диалектика ғылымы алғашқы философиялық ой-пікірлердің тізбегін ұсына отырып, қоршаған әлем мен құбылыстар туралы, олардың адам дамуына әсері мен өзара сабақтастығы хақында құнды деректердің дүниеге келуіне себепкер болды. Олардың қатарында адамның объективті дүниені тануы, оны ой елегінен өткізуі, қабылдаған мәліметтерді саралауы, сол арқылы болмыс пен шындықтың, табиғат пен қоғамның өзгешеліктерін түсіндіруі сынды проблемалар зерттеу нысанын айқындады. «Пәлсапалық әдіс дегеніміз – ең алдымен, ғылымның, өз дәуірі мен өркениетінің табиғатын айқындайтын танымдық қағидалар мен ұстанымдар жүйесі... Пәлсапалық әдістің жалпыға ортақ сипатында, ғылымнан, өнер мен адамгершіліктен бастап сана мен дінге дейінгі аралықты қамтыған өзгешелігінде өз уақытының мазмұны мен формасында, құрылымында шоғырланған рухани бастауы жатыр» [1, 1-2 бб.], сол себепті пәлсапалық пайымдардың әр ғылым саласында көрініс тауып, қолданылуы оның дәстүрлі тарихи негіздерімен айғақталады. Танымның жалпыадамзаттық, ғылымаралық универсалды сипаты оның әдістемелік және теориялық ұстанымдарының бір бағытта емес, бірнеше салаға ортақтаса қалыптасуын дәйектеді. Жалпы танымдық заңдылықтар психология немесе лингвистика шеңберінде ғана қалып қоймай, кең аяда қарастырылуға мүмкіндік алды. Пәлсапалық ұғымдар қатарында диалектика заңдылықтарының танымдық процесті айқындауға қатысуы да сол күрделі тұтастықтың нәтижесін құрады.

Диалектика қимыл-қозғалыстар мен дамудың жалпы заңдары туралы ғылым болып есептелетіндіктен, бүгінгі күні аталған термин 3 түрлі мағыналық ерекшелікпен сипатталуда: адам санасында тәуелсіз әрекет ететін объективті диалектикалық заңдылықтар мен процестер жиынтығы ретінде; бұл орайда табиғат, қоғам, ойлау, объективті шындық диалектілері сөз болады; субъективті диалектика, диалектикалық ойлау немесе объективті диалектиканың санадағы көрінісі деп ұғынылатын түрімен; диалектика мен диалектика теориясы туралы пәлсапалық ілім мағынасында қолданылуы арқылы [2, 60 б.]. Танымдық зерттеулердің пәнаралық негізін дәйектейтін факторлардың бірі ретінде когнитологияда пәлсапалық әдістердің қолданыс табуы, диалектика ұстанымдарының таным процесінде жүзеге асуы қарастырылады. Осыған орай, тіл мен танымды байланыстыратын принциптер екі бағыттың тоғысу шеңберінде зерделенетін амал-тәсілдермен сұрыпталады: *біріншіден*, шындық дегеніміз – дайын күйіндегі догмалар жиынтығы емес, ғылымның, оның ішінде, түркологияның, ұзақ та тарихи дамуы барысында толығымен үстінде болатын, төменнен жоғары қарай өрлей беретін шексіз танымдық процестер, өйткені дүниеде-

гі барша құбылыстар, тіпті, қоғамдық тәртіп нормалары да бір кезеңге қызмет ететін өтпелі үлгілер болып есептеледі. Адам барлығын шегіне жетіп тани алмайды, яғни қоршаған әлем мәңгілік дамудың көрсеткішін құрайтын деректер, фактілер жиынтығы деп айқындалады. *Екіншіден*, танымдық тұрғыдан диалектика ұстанымдары жекеленген заттар мен құбылыстарды біріктіретін тұтастық немесе жалпыға ортақ негіз ретінде қарастырылатын қағидадан бастау алады. Аталған ұғым алғашында Платон еңбектерінде көрініс тауып, «идея» сөзімен түсіндірілді. Философ «идеяның» басты өзгешелігі заттардың негізі мен тегінде, жалпылық қасиетінде жатыр; ол шындықтан әрекет пен қарым-қатынас арқылы туындайды; сөйтіп, болмыстың да өзгеріп отыруына әсер етеді деп тұжырымдалды.

Зерттеу әдістері

Ғалымдар диалектикалық ұстанымдардың табиғатын үш бағытта айқындауға болады деп есептейді: а) антропологиялық негізде; ә) қарама-қайшылықтар диалектикасы бойынша; б) ғылыми танымның диалектикалық амалдары арқылы [3, 110 б.]. «Тіл философиясы» деген ұғымның өзектелуі неміс ғалымы В. фон Гумбольдттің есімімен тығыз байланысты. «Рух», «идея» мәселелерін тілдік құрылымдармен сабақтастырған зерттеуші алғашқылар қатарында пәлсапалық танымды, адамның ойлау әрекетін тілдік фактілердің ішкі-сыртқы өзгешеліктері арқылы дәйектеуге тырысты. Ол «субъект пен объект», «жалпы мен жалқы», «даму мен қозғалыс» сияқты мағыналардың екі жақты арақатынасын тілдік дамудың философиялық заңдылықтарын шешуге бағыттап отырып, диалектикалық ұстанымдардың кілті ретінде «антиномия» немесе қарама-қайшылық қағидаларын сұрыптады. Мысалы: тәуелсіздік пен байланыс антиномиясы; субъективтілік пен объективтілік немесе индивидуалдылық пен ұжымдық антиномиясы; тұрақтылық пен қозғалыс антиномиясы, универсалдылық пен өзгешелік антиномиясы және т.б. [4, 107-112 бб.]. Нәтижесінде, тіл ғылымында орын алған диалектикалық нормалар қозғалыс пен үздіксіз дамудың салдарын құрайтын принциптер жиынтығы, қайшылықтар негізінде қалыптасатын арнайы заңдылықтар жүйесі деген тұжырым үстем бола бастады, себебі пәлсапа тарихында «диалектика» ұғымы алғашында «диалект», «диалог» деген сөздермен астарласып қолданылса да, кейіннен ғылыми айналымға тек «даму, мәңгілік даму» мағынасында еніп орнықты.

Осыған орай, тілдік танымға негізделген түркологияның ғылыми бастауын диахронды және синхронды әдістермен сабақтастыра талдаған маңызды, өйткені ғылыми ізденіске арқау болар салыстыру мен салғастыру негізінде адамдық фактор, оның қалыптасу, даму өзгешелігі жататыны анық. *Біріншіден*, тілтанымның диалектикалық ұстанымдары адамның табиғи жаратылысын сипаттайтын қағидалардан тұратындықтан, зерттеу нысаны, адам мен қоршаған әлем арақатынасы, өзара байланысу үлгілері, жеке тұлғалардың ойлау қабілеттері мен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері, тілдік қатынастың маңызы тілдік құралдардың пәлсапалық мүмкіндіктерімен толығы отырып, жеке тұлғалық шығармашылық кеңістікке ұласу принциптерін айғақтайды. Адам белгілі бір қоғамдық тәртіптің, ұжымдық қатынастардың әрі ұлттық қауымдастықтың жемісі болғандықтан, оның тіршілік ету, тәжірибе жинау, өз санасында арнайы қорды қалыптастыру әрекеттері де сол нормалардың ықпалымен жүзеге асады. *Екіншіден*, диалектикалық қарама-қайшылық шынайы болмыстың өмір сүру формасы мен даму сипатынан туындайтындықтан, зерттеу нысанын құрайтын кез келген объект екі жақты байланыстар мен қатынастардың тоғысы ретінде зерделенеді; анығырақ айтқанда, танымның негізінде өзектелетін пайымдаулар жүйесі де «қайшылық» қатынаста дами отырып, келесі заңдылықтарға сәйкес анықталуы мүмкін: «... олар бір мезетте ақиқат та, бір мезетте жалған бола алмайды. Бірінің ақиқаттығынан міндетті түрде екіншісінің жалғандығы шығады немесе керісінше» [5, 62 б.]. Оған В. фон Гумбольдт ұсынған тілдік антиномиялары дәлел бола алады. Тілдің «таңбалық жүйесі» (Ф.де Соссюр) жекеленген бірліктердің екі жақты сипаты арқылы ғана емес, олардың өзара байланысы мен бір-біріне ауысу принциптері негізінде айқындалатындықтан, диалектикамен қатар синтез процесі де жүзеге асып, динамикалық даму, өзгеру, толығы жолдары сұрыпталады. Түркі тілдерінің зерттеулерін диахронды-синхронды аспектіде қарастыру, яғни тілдік және танымдық ұстанымдар мен заңдылықтардың бірте-бірте қалыптасу негіздерін жүйелеу, ұғымдық бірліктердің жасалу кезеңдерін анықтау, олардың ішкі-сыртқы, негізгі-қосымша қарама-қайшылықтарын сипаттау диалектикалық қарама-қайшылықтардың үйлесімді сабақтауын уәждеуге мүмкіндік береді. Айталық, тілтаным процесіндегі субъективтілік пен объективтілік, ортақтық пен жекелік, индивидуалдылық пен ұжымдық және т.б. сол ғылыми ұстанымдардың көрсеткіші ретінде зерделенеді. *Үшіншіден*, қоршаған ортаны тіл арқылы тану процесі бұрыннан қалыптасқан танымдық амалдар арқылы зерттеліп анықталатындықтан, диалектикалық негізде шынайы болмысты меңгерудің теориялық және практикалық амалдары мен әрекет ету принциптерін үш мәселе негізінде

сұрыптауға болады. Олар: эмпиризм, интуиция және тану. Аталған танымдық амалдардың әрқайсысы белгілі бір тарихи қалыптасудан өткен, ғылыми теориялар мен жобаларда кеңінен қолданылатын тәсілдер деп есептеледі, сондықтан жеке алып қарағанда да, салыстыра зерделегенде де бұлардың мүмкіндіктері шектеулі деп пайымдалады. Айталық эмпиризм амалын ғалымдар «қателер мен жорамалдар әдісі» деп атаған [3, 109 б.]. Дегенмен, таным процесінің өзі көп жағдайда асбтрактылы ойлау мен қабылдаудан туындайтындықтан, тілтаным ұстанымдарының негізінде әлеуметтік, психологиялық әдістермен қатар, логика-пәлсапалық тұжырымдар да қолданылады, сөйтіп, ғылыми танымның дедуктивті және индуктивті ұстанымдары да когнитивтік ізденістердің табиғатын, ерекшеліктерін айғақтауға себепкер болады.

Талдау және нәтиже

Қазақ тіл білімінде қарама-қарсы ұғымдар сәйкестігін алғашқылар қатарында сөз ете бастаған ғалымдардың бірі – А. Байтұрсынұлы. Тіл табиғатын анықтау, оның адамзат өмірінде атқарар қызметін жүйелеу, сөз өнерінің танымдық үрдістерін саралау, сол арқылы тілдік құралдардың ғаламдық құбылыстармен сабақтастығын танып-білу негіздерін сұрыптау мақсатында тілші табиғи заңдылықты дәйектейтін диалектикалық ұстанымдарға назар аударды. Ғалам, зейін, көңіл, қиял, ақыл, ес сияқты ұғымдарды тілмен шебер байланыстыра білген зерттеуші адамды қоршаған дүниені танымдық қарама-қайшылық негізі деп түсіндірді. «Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады» [6, 147 б.], - дей отырып, тілші сол «әр жақты» ерекшеліктерді алуан түрлі себеп-салдармен, қарым-қатынастармен дәлелдеп көрсетті. Осыған орай, автор ұсынған тілтанымдық деректер мен тұжырымдар да түркі тілдерін зерттеулер бағыттарымен ұштасып, маңызды фактілердің дүниеге келуіне жол ашты.

Адамзат болмысын табиғаттың бір бөлшегі ретінде өзектеген ғалым оның психофизиологиялық және қатысымдық әрекеттерін зейін арқылы танудан бастай келе, тілді немесе лұғатты ішкі және тысқы белгілер тұрғысынан айқындады. Сөйтіп, неміс ғалымы В.фон Гумбольдттің ішкі-сыртқы лингвистикасымен үндесетін құнды қорытындылар жасады. А. Байтұрсынұлы адам ойы мен қиялынан, ақыл-білімінен бастау алатын «сөз шығару» үлгілерін талдау барысында жалпы шығармаларға тән екі түрлі өзгешелікке тоқталды, олар – «1) ішкі пікір жағы; 2) тысқы тіл жағы» [6, 148 б.]. Оның негізін, ең алдымен, адамға тән ішкі ғалам мен тысқы ғалам нормаларымен сұрыптаған тілші бірінші жағдайда мазмұн мен идея арқылы айғақталатын ерекшеліктерге мән берсе, екінші кезекте «дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өнінің жүйелеріне», соларды «таныту» амалдарына назар аударды. Нәтижесінде, автор тілдік дамудың көрсеткішін құрайтын туындылардың қай-қайсысы болмасын (ауызша да, жазбаша да) мазмұн мен форма бірлігіне негізделеді деп ұғынды, өйткені «...екі ғаламның арасында зор іліктік» [6, 226 б.] бар болғандықтан, «адамның ішкі ғаламы мен тысқы ғаламы түйіседі» [6, 294 б.], сол арқылы әлемнің диалектикалық ұстанымы өзектеліп, адамның танымдық болмысы тілдік амалдардың табиғатын айқындауға бағытталады деп тұжырымдалды.

Тілдерді түркі дүниесін тану құралы ретінде әрі «еске не іске керек ұғым» деп қабылдау қоршаған әлемдегі заттарды атау немесе тану барысында алуан түрлі қарама-қарсылықтар сәйкестігін тудырады сөзсіз. Айталық, тілші қолданысында барша заттар «деректі-дерексіз», «жанды-жансыз», «бернелі-бернесіз» құбылыстар жіктелесін құрайды, сондықтан ол ғаламды тану арқылы жасалған тілдік құралдар да осы аталған ұғымдардың үйлесімді бейнесі болып табылады деп есептеді. «Тіл көрнектілігі» мен «Тіл (лұғат) анықтығын» сөз өнерінің негізгі шарттары қатарында қарастырған зерттеуші ғалам мен тіл сөздерінің байланысын сол күрделі сабақтастықтың, табиғи танымдық қажеттіліктің өзегі етті. «...адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды» [6, 154 б.] деген автор пікірі соған айғақ. Адам танымындағы қарама-қарсылық қағидаларын оның «сана-саңлауына келіп түсетін» ұғымдар тізбегі деп түсінген ғалым, сонымен қатар, таным мен тілдік амалдар арасындағы арақатынасты сөйлеуші немесе айтушы тілінің анықтығын уәждейтін шарт ретінде қабылдады. Автор «айтылған лебіздің» яки «тілдің анықтығын» да көрген-білген заттың нақты танылуымен ұштастыра келе, «адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күнгірт атайды» [6, 151 б.] деген тоқтамға келді. Олай болса, «ойлаған ұғымға сөз мағынасының сәйкес келу» керектігін [6, 153 б.], сөйлеуші тіліндегі сыртқы көркемдік пен мағына бірлігін тілтанымдық тұжырымдарына арқау еткен ғалым лингвистикалық талдаулардың аясын кеңейтумен қатар, терең пәлсапалы байланыстардың бүгінгі тіл ғылымындағы орны мен қызметін диалектика заңдары негізінде дәйектеп көрсетті.

Тіл білімін «тіл тану» жүйесі деп айқындаған Қ. Жұбанов тұжырымдарының кез келгені халық танымына жақындатылған образдар, теңеулер, «ұқсас бейнелер» [7, 39 б.] арқылы көрініс табумен қатар, жалпы пәлсапа, логика ұстанымдарымен тығыз байланыса, олардың негізгі қағидаларын тілдік зерттеулерге арқау ете қалыптасты. Көрнекті ғалым қазақ лингвистикасының шеңберін кеңейту, оны әлемдік деңгейге және түркі тілдес халықтардың ортақ құндылықтары қатарына көтеру мақсатында басты екі бағытты ұстанғаны мәлім: *біріншіден*, жалпы лингвистикалық тәжірибеге сүйену негізінде сұрыпталған пікірлерді жинақтау; *екіншіден*, қазақ тіл ғылымының өзіндік даму ерекшелігін, дүниетанымын көрсетуге бағытталған тың көзқарастармен ғылыми көпшілікті таныстыру. Осыған орай, зерттеуші тіл ғылымының концептуалды жүйесін, тарихи дамуын ой таразысынан өткізе отырып, өзге фактілер қатарында диалектикалық ұстанымдардың да тіл үшін маңыздылығын өзектейтін мәселелерге тоқталды. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулердің» мазмұндық желісін, баяндалу ретін жүйелеген диалектикалық ережелер әрі құрылымдық, әрі танымдық талдауларды дәйектеді. «Тіл деген не?» деп аталатын бөлімде берілген талдаулардың басым көпшілігі адам мен табиғат байланысынан бастау алатын мәселелерді шешуге, өмірлік және тәжірибелік қорларды пайдалануға әрі дамудың қарама-қайшы заңдылықтарын ажырамас бірлікте қарастыруға арналды.

«Тіл бір адам үшін керек емес, тіл жеке адам үшін жасалған нәрсе. Бір тілмен сөйлесу үшін адамдар бір-бірімен аралас болуы керек, істес болуы керек» [7, 91 б.], - деп айғақталған адамзат тілінің пайда болу және даму жолы жалпы қалыптасудың бір бөлігін, аса қажет тетігін құрады, сол себепті Қ. Жұбанов зерттеуінде тіл бүтін мен бөлшектің, жалпы мен жалқының, микро мен макроның, аулақтық пен жуықтықтың бірлігінен тұратын күрделі құбылыс ретінде түсіндірілді. Мәселен, «Грамматика өз алдына ғылым деп танылған соң және ол бірнеше ғылымдардан құралып пайда болған деп білгесін, алдымен грамматикаға кіретін ғылымдардың бәріне ортақ жалпы қасиетін ашып алу керек еді; әрі мұның бәрін де осы жалпы қасиет желісімен матастырып, өзара біріктіріп басын қосу керек еді; сондай-ақ тіл ғылымының басқа тарауларымен грамматика пәндерінің арасында қандай айырмашылық барын ашу керек еді» [7, 78 б.], - деп атап көрсеткен ғалым тұжырымында жалпы мен жалқының «матасуын» дәйектеген маңызды қорытынды жатыр. Тілдік бірліктердің табиғатын айқындау үшін өзіне дейінгі пікір-көзқарастардың қате жақтарын сынап келе, ғалым тілді әртүрлі бөлшектерден тұратын және сол элементтердің байланысы арқылы сипатталатын құрылымдық-жүйелік өзгешелік деп зерттеу қажеттігін атады. «Сонымен қатар тілдің дыбыстарын, сөз тұрпаттарын, сөйлем құрылысын бір-біріне қоспай, аулақ ұстайды...», «...тілді, оның бір бөлшегі болған тіл дыбыстарын тексергенде «тіл семьясы» қорғанына бір қамайтын болса, тілдің әрбір бөлшегін басқа бөлшектерге жолатпай, сол бөлшектің өз ішінде екі қамайтын. Сөйтіп, қос қорғанды қамалға тіл байғұсқа күн көрсетпейтін...», - дей келе, автор «тілдік қасиеттердің» [7, 45-46 бб.] талдаудан жырақ қалғанын ескертті. Оның себебін тілші бұрынғы оқымыстылардың диалектика ұстанымдарына мән бермеуімен дәлелдеді. Тіл құрылымы мен мағыналық сипаты жағынан да қарама-қайшылықтар қосындысынан құралатын процесс деп танылатындықтан, Қ. Жұбанов оның бір күйі екінші күйінен бөлек тұрмай, бір-біріне үйлесе «ауысатын» құбылыс ретінде зерделенуі керек деп тұжырымдады. Ғалым оны «тіл категорияларындағы өткіншілік» ұғымымен сипаттай отырып, кезінде осы өзгешелікке жете мән берілмегеніне әрі мұндай мүмкіндіктің болмағанына баса назар аударды: «...бұлардың өзара қатынасын зерттесе, бұлардың өзі де мәңгілікті категория болмай, бірінен-бірі өтіп, ауысып отырғанын көрер еді, тілдің әрбір категориясының өткіншігін сипаттаған болар еді. Әрине, оқымыстылардың мұндайға баруы мүмкін емес еді, бармады да...бірінен-біріне алмасып отырушылықты бүркеп кеткен...» [7, 48 б.].

Құрылымдық «өткіншілікпен» қатар, ғалым тіл табиғаты мен қызметін айқындайтын танымдық деректердің де екі жақты сипатта қарастырылатындығын ескертті. Оған дәлел ретінде Қ. Жұбанов «зат пен құбылысқа тағылатын аттардың» пайда болу өзгешелігіне зер салды. Бұл мақсатта, ең алдымен, автор «кіші дүние» мен «үлкен дүние» ұғымдарын қолданды. «...өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған» [7, 93 б.] атауларды «кішкене космос дәуіріне» жатқызу арқылы тілші таным мен тіл арасындағы байланыстың диалектикалық ұстанымдарын өзектеуге тырысты. Айталық: «Мысалы, орысша небо – аспан, нёбо – таңдай; қазақ тіліндегі таң – аспан әлемнің аты, яғни жоғары жаққа тән қасиеттің иесі; таңдай – адам денесінің жоғарғы жағы» [7, 93 б.] сияқты ұқсату немесе аналогия негізін құраған танымдық элемент адамның сыртқы қоршаған ортаны қабылдауы, онымен байланысқа түсуі арқылы дүниеге келіп отырғандықтан, өмір мен тәжірибе, білім мен қор мүмкіндіктерін жоғары бағалаған ғалым оларды ғылыми танымның негізі деп түсіндірді.

Ат қоюдың тағы бір маңызды көрсеткіштері ретінде Қ. Жұбанов бүтін мен бөлшектің арақатынасын, олардың ажырамас бірлігін саралады. Ең алдымен, сөз бен сөйлемнің өзіндік белгілерін анықтаған зерттеуші бұл құбылыстың тілдік бірліктердің табиғи болмысында жататындығын ескертті. «...Өз басы атау болуға жаралған сөзді бүтін дейміз. Бүтін, әрине, бөлшек емес. Сөйте тұра олар құрамды бөлшек болып барып материал болып, тұтас ой туғызатындықтан, жеке сөздерді үйлесім табушылар тобының бір бөлшегі дейміз... тіл элементі атау қызметін өтесе, сөз болғаны; егер хабар беру қызметін өтесе, сөйлем болғаны...» [7, 99 б.], - дей келе, автор тілдегі номинативті ерекшелікті бүтінге жатқызса, оның қолданысқа еніп, қатысымдық қызмет атқаруын бөлшектік өзгешелік деп қарастырды. Сөз мағынасының қалыптасып өзгеруін де тілші «бүтіннің мағынасының бөлшекке көшуі» немесе «бөлшектің мағынасының бүтінге көшуі» арқылы талдап көрсетті. «Қол – иықтан бастап саусақ басына дейінгі адам мүшесінің аты. Шынтақ, білек, қар, саусақ бұрын қол болған. Монғол тілінде осы күнге шейін қол дегенді қар дейді...» [7, 96 б.] деген мысал арқылы тілші тілтанымдық деректердің негізінде жатқан табиғи сабақтастықтың бірлігі есебінде бүтін мен бөлшектің арақатынасын зерделеді. Адам танымында орныққан бүтін мағынаның уақыт өте келе бөлшектенуін де мағыналардың ауысуы, «тілдік қасиеттер» мен «әлеуметтік астарлардың» тоғысуы деп дәйектеген ғалым пікірінде барша құбылыстар мен заттардың дамуы, бір-біріне өту заңдылықтары көрініс тапты. Бұл процестің екінші жағын түсіндіру мақсатында келесі бөлімде келтірілген мысалдар, керісінше, бөлшектің бүтінге ауысу ерекшелігін сипаттауға бағытталды. Бүгінгі күні синекдоханың нысаны болып табылатын мысалдар жігі, шын мәнінде, адамның танымын тілдік құралдармен ұштастырған тіркестерден жинақталды: «...Мүйіз бен сиыр деген бір сөз; үш тұяқ – үш мал; бес бас – бес адам («жал» бұрын жылқы деген сөз, қазір «жал» шуваш тілінде жылқы)» [7, 96 б.]. Нәтижесінде автор: «...бүтіндік пен бөлшектілік бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды... Сөйтіп, тілдің бір басына сиысатын екі түрлі қайшылықтан – бүтін мен бөлшектен – екі жақтың теңдігі туады» [7, 99-100 бб.] деген қорытындыға келді, сол арқылы диалектиканың трансформация мен бірлікке негізделген ұстанымдарын дәйектеп көрсетті. Тек қазақ тілінің сөздік құрамымен шектелмей, өзге тілдік элементтерді де, түркі тілдерінің лексикалық бірліктерін де шебер қолдана білген Қ. Жұбанов тұжырымдары тілтанымдық ізденістерді салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы-типологиялық фактілермен сабақтастырған, сол арқылы тілдік және танымдық универсалий принциптерін саралауға мүмкіндік берген аса құнды мәліметтердің дереккөзі болып есептеледі.

Автор қолданысымен дәйектеліп отырған келесі диалектикалық ұстаным тілтанымдағы «аулақтық» және «жуықтық» тенденцияларына негізделген. «Тіл тенденциясы екі сөздің бір-бірімен байланысы жоқ сияқты етіп көрсетіп, сол арқылы аулақтату тенденциясын байқатып отыр. Ол бір сөзден екінші сөздің сыртқы көрінісінің басқалығы. Бұл тенденция күш алса, бір сөз екінші сөзге ұқсамас еді, түбір дыбыстарына да өзгелік кіргізер еді, қосымшалар арқылы ғана бір-бірінен айырылмас еді. Бірақ мұны жуықтық тенденциясы тұсаулайды... Жуықтық тенденциясы. Мағынасында өзгешелік тенденциясы бар екі сөздің арғы жағында жақындық бола қойса, соның жақындығын білдірем деген тенденция бір сөзден өрбігендігін сездіру тенденциясы болады...» [7, 103 б.], -деп анықтама берілген екі бағыттың өзіндік ерекшеліктерімен қатар, бірін-бірі толықтырар, дамытар «матасуы» қазақ тіліндегі лексикология, семасиология мәселелерін сапалы шешуге мүмкіндік берді. «Мағына жағынан байланыстылығын, дыбыс жағынан ұқсастығын көрсетер» жуықтық тенденциясының негізінде сөздердің бір түбірден не бір мағынадан өрбігендігін анықтауға болатынын тілші «бас» сөзінен жасалған «басшы, бастық, баста» варианттары арқылы түсіндіреді. Ал аулақтық үрдісінің маңызы бір сөзді екінші сөзден айыра білу қажеттілігімен пайымдалады. Әсіресе жалқы есімдердің жасалуында бұл тенденцияның басым келуін ғалым «сөз бен сөзді...неғұрлым ұқсатпау мақсатымен» дәйектеді, өйткені «ағайынды кісілердің аттары бір түбірлі болуы шарт емес» деп талдады. Осыған орай, Ғали, Әли, Қали, Қалима; Мұханбет, Махамбет; Мұқан, Мұқаш т.б. сынды адам аттары «...әлдеқалай екі түрлі айтылып кеткен бір жалқы есім кейде екі кісіге ат бола кетуден» немесе «кейде бір аттың кіші формасы да өз алдына дербес ат болып кетуден» [7, 105 б.] туындаған деп танылды. Тіл дамуындағы әрқайсысының өзіндік орны мен қызметін саралай келе, Қ. Жұбанов «әрбір сөз формасы осы екі жаққа тартқан екі түрлі ішкі тенденция күресінің нәтижесі. Тіл қызметінде осы екі тенденцияның бір жағы ғана билеп кете алмайды, екеуі де өздеріне тиесілі сыбаға алады...» [7, 104 б.] деген қорытынды жасады, сөйтіп, тілтанымдық процесте орын алатын мағыналық және формалық қалыптасудың «қарсы мәнді екі тенденция» [7, 104 б.] арқылы айқындалуын сұрыптап көрсетті.

«Бірақ диалектикалық материализм әдісін ұстанғаннан бері жүріп өткен жолындағы бұрылыстарын білу үшін, өткендегі тарихына қарау керек болды» [7, 78 б.],- деп тілшінің өзі атап көрсеткендей, тілдегі диалектикалық ұстанымдардың өзгешелігін айғақтайтын фактілердің бірі ретінде тілдің дамуын, «динамикалық... өзгеруін» [7, 87 б.] сипаттайтын тарихи деректер, диахронды зерттеулер негізге алынды. «Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» [7, 93 б.] деген көзқарасын дәлелдей отырып, ғалым тарихи ізденістердің қажеттілігіне ерекше зер салды. Ф. де Соссюрдің тұжырымдарына талдау жасау барысында, ұтымды жақтарымен қатар, жіберілген кемшіліктерін айғақтау мақсатында, Қ. Жұбанов тілдік бірліктердің, терминдік атаулардың бірден емес, белгілі бір уақыт аралығында өзгеріп, толығып отыратындығын, сол сияқты жаңа заман талаптарының жаңа сөздер мен ұғымдар керек ететіндігін дәйектеді. Диалектика заңдылығына және қоғамдық даму шарттарына орай, тілдің қалыптасуы мен өркендеуі карама-қайшылықтардың үйлесімді ауысуы, жанаруы арқылы жүзеге асатындығын дәл анықтаған ғалым: «...кейде терминдік атау ескіден қалған сөз болғанымен, оны тұтынатын ғылым өсіп, жаңа мәнге ауысып кететінін есте сақтауымыз қажет» [7, 84 б.],- деп түйіндеді. Осыған орай, тілші Ф.де Соссюрдің «тілді еш уақыт өзгермейтін қатып қалған зат деген түсініктен туған» әрі «грамматика тілдің бір дәуірдегі қалпын бейнелейді...тарихи грамматика болуы мүмкін емес» [7, 86 б., 84 б.] сияқты қате пікірлерін сынға ала отырып, тіл ғылымындағы синхронды және диахронды зерттеулердің маңызын қатар дәлелдеді. Қ. Жұбанов зерттеулерінің тілтаным мен диалектика ұстанымдарын сабақтастырған құнды тұжырымдары қазақ тіл білімінің ғана емес, бүкіләлемдік лингвистика қорын толықтырған деректер болып есептеледі. Аталған мәселелер бүгінгі күні когнитивтік лингвистиканың өзге салаларынан әлдеқайда ерте дамыған семасиология бөлімін ғана емес, сонымен қатар когнитология ілімінің жекеленген аспектілерін де қалыптастыруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Тілдің танымдық өзгешелігін айқындаумен қатар, С. Аманжолов лингвистикалық ұстанымдардың негізін сұрыптайтын карама-қайшылықтарға да назар аударды, оларды тілдік деректерді танып айқындаудың ажырамас бөлшегі деп түсіндірді. «...тіл бір жағынан конкрет болса, екінші жағынан жалпы» [8, 47 б.] деу арқылы зерттеуші тіл табиғатында орын алатын диалектикалық ұстанымдарды оның қалыптасу, даму тарихын айқындауға негіз етті. «Қай халықтың болсын тілі өзінің қажетін өтей алады... бүкіл адамзаттың тілін алсақ та, жеке халықтың тілін алсақ та, атқаратын қызметі, даму жолы біркелкі» [8, 64 б.] болып табылады, сол себепті ғалым тіл арқылы сұрыпталатын екі жақты процестің байланысын, олардың бір-біріне ауысу амалдарын айғақтап көрсетті. Автордың пайымдауынша, кез келген тіл жалпы адамзат қоғамының нормаларына бағынған «күрестің, дамудың құралы» бола тұра, әр «ұлттың тарихи айнасын» [8, 69 б.] сипаттайтын нақты этникалық танымның да дереккөзін құрайды. Осыған орай, тілші «туыстық-туыспаушылық», «ұқсаушылық-алшақтық» сынды қарсылық ұғымдарын да тілдер арасындағы жалпылық және жекелік сипаттарды талдауға арқау етті. Ғалым: «Тіл мәселесіндегі туыстық - әлеуметтік ұқсаушылық, байланыстылық, ал туыспаушылық - әлеуметтік алшақтық, байланыссыздық...Әуелде бөлек тілдер әлеуметтік, қоғамдық тығыз байланыстың нәтижесінде жақындасады, біркелкіленеді» [8, 66 б.],- деп атап өтті. Авторлық қолданыстағы танымдық ұғымдар қоғамдық дамудың негізінде жүзеге асатын қағидаларды саралауға мүмкіндік беріп отыр.

Тілдік заңдылықтардың әлеуметтік ұстанымдармен байланысқа түсуі сөзді «адам баласының барлық қоғамдық тіршілігінің сәулесі, көрінісі, дерегі» [8, 244 б.] ретінде қарастыруға себепші болып отырғандықтан, заман мен уақыт арқылы айғақталатын лексикология мен семасиология мәселелерін С. Аманжолов маңызды танымдық ізденістермен толықтырды. Тілдік құралдардың «тұлғалық» ерекшелігімен қоса, «мағыналық жікке бөлінуін» жан-жақты дәйектеген ғалым жеке мен жалпының тоғысуынан бастау алған «тіл ғылымын» дамыту тек «формалдық көзқараспен қарау» арқылы немесе «тіл объектіні танылмайтын нәрсе деп білу» негізінде жүзеге асыруға болмайды деп есептеді, бұл «агностицизмге берілу болып табылады» [8, 73 б.] деді. Зерттеуші тілдің аталған салаларын мағынаның диалектикалық жолмен қалыптасуы арқылы түсіндірді, осы мақсатта «аз-көп», «жанды-жансыз», «ескі-жаңа» сияқты ұғымдар сәйкестіктерін және «қарсылық заңы» мен «бүтіннің жарылуы» сынды заңдылықтарды пайдаланды. «Тілдегі әрбір сөз – жанды және жансыз, ескі және жаңа болып бөлінеді» деген түсініктеме негізінде автор архаизмдер мен неологизмдердің жасалу, өзгеру жолдарын зерттеді. «Ескі сөздер өте аз, тарихи шығармада, фольклорда ғана қолданылады. Оларды ғылыми еңбекте архаизм дейді. Жаңа сөздерді неологизм дейді. Сөздердің ескіруі идеологияның ескіруіне, жаңаның пайда болуы жаңа идеологияның үстемдік алуына байланысты» [8, 69 б.],- дей келе, екі лексикалық бірліктің өзіндік белгілерін талдап көрсеткен тілші лингвистиканың дамуында айтарлықтай орын алатын әлеуметтік танымның

маңызын өзектеді. Ескі мен жаңаның арақатынасын «санамызға сай» айқындалатын өзгерістер, «салт», «өнегеге» қатысты сұрыпталатын көрсеткіштер тұрғысынан дәйектеген С. Аманжолов сөз мағынасында жиі қарастырылатын «аз-көп» ұғымдарының байланысын да «қоғамдық саты», «мыңжылдық даму», «мифологиялық» қатысым әсерімен пайымдады. Сөйтіп, «алғашқы аз сөздердің кейін бірнеше жолмен көбейіп өсуінде» [8, 71 б.] байқалатын процестердің ішінде «қарсылық заңы» мен «бүтіннің жарылуына» назар аударды, айталық «жас, бас, той» сөздерінің көпмағыналылығы мен «биік-төмен» сын есімдерінің түп мағынасындағы жақындығына және т.б. «Әр сөз белгілі затты жалпылап та, жекелеп те көрсетеді. Жалпылау – ойға кең ұғымды сыйғыза айту, әрине, жекелеуге қарсы. Алайда бұл екеуінің қарсылығынсыз адамзат тіршілігінде ешбір ойлау процесі дамымақ емес, демек, ойдың көрінісі болған сөйлем де, сөз компоненті де болмақ емес...» [8, 395 б.], - деу арқылы тілші қарсылық атаулының ой дамытудағы, ой арқылы тіл дамытудағы қызметін жоғары бағалады. Ол адамзат тіршілігінің негізін құрайтын диалектика ұстанымдарын тілдік талдауларға арқау ете отырып, «тіл ғылымы - дүние тану теориясының мықты бір саласы» [8, 300 б.] деген концепцияның құндылығын дәлелдеді.

Сөз табиғатын «затшыл диалектика» негізінде зерделеген ғалым Н. Т. Сауранбаев тұжырымдарының көлемді бөлігін де заттар мен құбылыстар, сөздер мен сөздер, ұғымдар мен ұғымдар арасын байланыстыратын «диалектикалық» [9, 5 б.] ұстанымдар құрады. Автордың лексикология мәселелерінен орын алған семантикалық заңдар жіктемесінің де үшеуі осы бағытта талданды. Біріншіден, тілші сөз мағынасын дәйектеуге мүмкіндік беретін қарама-қарсылық заңына «Бұл заң бойынша адам кейбір құбылысты, затты, көріністі, істі оның басқа сондай бір құбылыстарға қарама-қарсы жағын белгі етіп алады да, соларға қарама-қарсы етіп атайды» деп түсініктеме бере отырып, «күн-түн, жер-көк, арық-семіз...» сынды тіркестерді «қайшы мәндес» сөздердің тұтасуы негізінде жүзеге асатын байланыс нәтижесі ретінде қарастырды, өйткені ол адамды қоршаған орта мен тіршілік қағидаларын «бір басқыштан екінші басқышқа көшіп отыратын» [10, 86 б.] мәселелер қатарында сұрыптау арқылы кейбір «...сөздердің мағыналарын бір-біріне қарама-қарсы қайшы болғанмен, өзара тығыз байланысты, сондықтан... көпшілігі қосарланып айтылатын» [10, 50 б.] семалық бірліктерге жатқызды. Келесі кезекте автор «ат ауысу заңына» тоқталды. Мағыналық ауысуға «...ескі мен жаңаның арасындағы не ұқсастыққа, не қызметтестікке не табиғи жақындығына байланысты болатын» өзгерістер тұрғысынан сипаттама берген зерттеуші тіл дамуын анықтайтын маңызды факторлар қатарында «қоғам өмірінде, оның ұзақ тарихында адамның өндіру ісінің нәтижесінде...ой-өрісінің кеңейіп, өсіп отыруын» [10, 51 б.] өзектеді. Мысал есебінде ғалым күрек сөзі негізінде жасалған «тас күрек, ағаш күрек, темір күрек т.б.» сияқты формаларды келтірді. Тағы бір аса қажет семантикалық заңдылықтар қатарында Н. Сауранбаев «бөлшектің тұтастану заңын» атады, себебі, тілшінің айтуына қарағанда, «...кейбір зат, құбылыс туралы ұғымдар бөлшектің тұтастануы» арқылы дүниеге келген, айталық, «...қозы, лақ, бұзау... сияқты дара, бөлшек мәнді атаулардан жалпы мәнді тұтас ұғымдар пайда болған: қоздау, лақтау, бұзаулау...» [10, 52 б.].

Тілдік фактілерді қоршаған әлеммен, танымдық процеспен сабақтастыра зерделеген тілші диалектика қағидаттарын басшылыққа алу арқылы алуан түрлі қарсы мәнді сөздерді ұтымды пайдаланды. Олардың қатарында жанды-жансыз, деректі-дерексіз, ескі-жаңа секілді сөздерді де атауға болады, оның себебін автор «Адамның әлеуметтік қоғам мәдениеті, шаруашалақ тіршілігі өмір бойы төменнен жоғарыға, оңайдан қиынға, ескіден жаңаға ауысып, өзгеріп, дамып отыратыны сияқты, олармен байланысты тіл де байып, түрленіп, жаңарып отырады, ескі форманың орнына жаңа формалар пайда болады, ескі формалар жаңа мәнге ие болады» [10, 84 б.], - деп түсіндірді, яғни сыртқы ортамен үздіксіз байланыста дамиды тілдің танымдық негіздері сол кездің өзінде адамзаттың пәлсапалық бастауымен тығыз қарым-қатынаста дәйектелді.

Дүниенің негізін құрайтын «табиғи реттілікке» [11, 134 б.] зер салған ғалым Ә. Қайдар тілтанымдық зерттеулердің жүйелі түрде талдануын диалектикалық ұстанымдар мен логика-семантикалық заңдылықтар негізінде дәйектеді. «...тіл байлығындағы заттар мен құбылыстардың атауларын үлкенді-кішілі [макро-микро] тақырыптық, мағыналық, тұлғалық т.б. топтарға бөліп қарау ғылыми тұжырымды іске асырудың ұстанымы» [12, 19 б.], - деп есептеген ғалым логика-семантикалық топтастыруға «...логикалық тұрғыдан ортақ мағыналары арқылы ең жоғары деңгейде шоғырландыру» [11, 141 б.] деген анықтама берді. Макротоптардың өзара «жүйелі қатысты принцип» негізінде, ал микротоптардың бір-бірімен «сатылы қатысты принцип» [12, 19 б.] бойынша топтастырылуын басшылыққа алған тілші қазақтың мақал-мәтелдерін келесі үлгіде жіктеп көрсетеді:

1) бір заттың екінші затқа тигізер оң, теріс әсерін зерттеуші төмендегідей түсіндіреді: «Қоғам өміріндегі, табиғат аясындағы жанды, жансыз заттар мен құбылыстардың баршасының бір-біріне оң, теріс әсер етуі – заңды құбылыс. Мәселен, көпшілік азшылыққа, жақсының жаманға, үлкеннің кішіге, ақылдының ақымаққа т.б. осы сияқты нысандардың бір-біріне көрсетіп отыратын әрекет-істері де ММ-дер назарынан шет қалмаған құбылыстар...» [11, 143 б.]. Демек, кез келген даналық сөзде «...этнос өмір-тіршілігінің барлық түйіндері [салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным, тіршілік көздері мен тәсілдері, қарым-қатынас т.б.] келіп тоғысатынын» [11, 45 б.] ескерсек, тілдік құрылымдардың астарында жататын танымдық деректердің арнайы, қалыптасқан заңдылықпен дүниеге келуі адам ойының жүйелі көрсеткішінен, көріп-білу, қабылдау, түйсіну әрекетінен бастау алатынына көз жеткізу қиын емес. Оған дәлел ретінде тілші «бұл тәрізді әсер-әрекеттердің астарында даналық тұжырым, ақыл-өсиет, тағылым мен тәлім-тәрбие жатқанын» [11, 143 б.] ерекше атап өтеді;

2) сонымен қатар, ғалым мақал-мәтел табиғатында кездесетін заттар мен құбылыстардың, олардың әрекеттерінің бірде сәйкесетін, бірде сәйкеспейтін ерекшеліктеріне де тоқталады. Бұл да тілтанымдық зерделеудің бір амалы ретінде айқындалады, себебі ММ болмысын құрайтын элементтердің барлығы адамның көрген-білгенінен жинақтала отырып, «логикалық ой-тұжырымның» жасалуына түрткі болады. Мәселен, «Кейде бір-бірімен өзара логикалық байланыста тұратын заттар мен құбылыстардың, ұғым-түсініктердің өзара сәйкес, сай келмейтінін білдіретін мақал-мәтелдер болады... – Жыртық киімге алтын түйме қыстырма; Итке тұмар жараспас...» [11, 143 б.] немесе «Белгілі бір байланыста тұрған екі заттың, не құбылыстың сапасы әртүрлі, бірде сәйкес, бірде кереғар, екіұдай әрекетін білдіретін мақал-мәтелдер: Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді; Сен оқысаң, мен тоқыдым...» [11, 44 б.]. Осы қатарда тілші кейбір мақал-мәтел құрамында «өзара қатысты екі заттың, құбылыстың кейде бір-бірімен сапа, іс-әрекет, қалып-күй, нәтиже жағынан сәйкес болып келетін» ұғымдардың да кездесуін атайды. Айталық, «Ата-анасын көр де, баласын көр...Анасын көріп, қызын ал, әкесін көріп, ұлын ал...» [11, 144 б.];

3) келесі кезекте автор: «Кейде қоғамдағы, табиғаттағы заттар мен құбылыстардың қандай сапа-сипатта болмасын, олардың бірдейлік, біркелкілік, әркелкілік ерекшеліктері де болады. ММ-дер осыларды көрсету арқылы оның себеп-салдарын да аңғаруды ескертеді» [11, 145 б.] дей отырып, бірдейлік пен әртүрлілік нормаларына мән береді. Мысалы: Үлкен той да, кіші той да бірдей...;

4) логика-семантикалық топтар қатарында аталатын тағы бір диалектикалық қарама-қайшылыққа автор «Заттың мәнділігі, артықшылығы мен кемшілігі» деген жіктелік белгіні жатқызды. Тілші оған «Бір заттың өзіне қатысты екінші бір заттан мәнділігімен, сын-сипатымен, іс-әрекетімен артық екендігін көрсету» [11, 145 б.] деп анықтама берумен қатар, бұл ерекшеліктің де адам болмысын, табиғи ортаны, жан-жануарлар дүниесін, салт-дәстүр негіздерін тануға мүмкіндік беретінін ескертеді. Мысалы: Дос жылата айтады, дұспан күлдіре айтады...

Зерттеушінің бойында кездесетін «талғам таразысы мен логикалық ой жүйесін» [13, 6 б.] жоғары бағалаған ғалым тіл мен таным негіздерін сабақтастырған ізденістердің терең де пәлсапалы жүйеге құрылуын қолдады, өйткені ол ғылым мен қоғамның өзі сол реттілік пен сатылы дамудың үлгісін тарту етеді деп тұжырымдады. «Адамзат қоғамының сатылап дамып келе жатқан тарихына назар аударсаңыз, жер жүзіндегі ірі де ұлы халықтардың бәрі де о баста-ақ өз бастауын ұсақ, кіші-гірім этникалық топтардан алып, біртіндеп өркендеуі арқылы: атадан – руға, одан – ру бірлестігіне, одан – тайпаға – одан тайпа бірлестігіне, одан – ұлысқа, одан халыққа айналғандығы белгілі» [13, 8 б.],- деп тілшінің өзі атап көрсеткендей, адам мен оны қоршаған әлемнің қалыптасуында байқалатын диалектикалық тәртіп оның танылу процесіне де тікелей әсер етеді. Сол себепті кез келген затты не болмаса құбылысты зерттеу, ең алдымен, қарапайымнан күрделіге қарай әрі олардың қарама-қайшылыққа сүйенген болмысы негізінде жүзеге асады. Айталық, барлық заттар мен құбылыстарды «ішкі жүйесі мен мағынасына қарай» үш макротакырыпқа жіктеуге болатындығын дәлелдеген ғалым олардың әрі қарай «этнолингвистикалық тұрғыдан бірнеше микротоптан тұратындығын» [11, 135 б.] айғақтайды. Мәселен, табиғаттың өзін «Аспан әлемі», «Жер-су», «Жан-жануарлар», «Табиғат құбылыстары», «Өсімдік дүниесі» сияқты т.б. салаларға бөліп қарастыруға болады.

Осы қатарда тілші Р. Сыздықтың тіл мен таным ұғымдарын қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму ерекшеліктерімен сабақтастырған көзқарастарын атауға болады. Зерттеуші әдеби тілді этникалық, қоғамдық, психологиялық, танымдық және пәлсапалық факторлардың тоғысы тұрғысынан дәйектей

отырып, тілдің өмір сүру шартын, әлеуметтік деңгейін, прагматикалық сипатын, мәдени де көркем келбетін оның философиялық табиғатымен, адамзатқа тән өзгеше қасиетімен пайымдап түсіндірді. Оның диалектикалық ұстанымдарын жалпы ғылыми-теориялық қағидаларға сүйене талдап көрсету арқылы ғалым әр тіл қоғамдық қажеттілікті өтеуіне орай үздіксіз даму, қалыпты жағдайды сақтау не болмаса, керісінше, тоқырау кезеңдерін басынан өткізеді деп пайымдады. Демек, тілдік фактілер де сол қарама-қайшылық заңдылықтарына негізделі қалыптасары сөзсіз. Өзге құбылыстар қатарында тілдік бірліктер де қарама-қарсы сипаттардың тығыз байланыста қарым-қатынас жасауы арқылы дамитындықтан, олардың табиғи бастауы, тіршілік көзі адамның күрделі жаратылысымен, қоршаған әлем заңдылықтарымен айғақталып зерделенеді. Осыған орай, Р. Сыздық зерттеулерінде тілтанымның диалектикалық ұстанымдары «күй-қалып» (статика) пен «даму-қозғалыс» (динамика), актив және пассив қор тұрғысынан, яки суреткер шығармаларында кездесетін қайшы ұғымдар ([жақсылық-жамандық, қайғы-қызық т.б.) мен синонимдік-антонимдік мағыналар негізінде талданады. Тілтанымның маңызды өзегі ретінде ғалым, әсіресе, тіл дамуына әсер ететін интралингвистикалық және экстралингвистикалық мәселелерге айрықша зер салады. Оларды тілдік универсалийдің ажырамас бөлшегі деп қарастырған тілші «...сөздер өз табиғатын таныту үшін ғана сөйлеп қоймайды, халқымыздың өткендегі тарих көшінен де хабар береді» [14, 8 б.], олар «саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және идеологиялық жайттардың» [15, 18 б.] негізінде қалыптасады деп атап көрсетті. Тілдің ішкі өзгешелігін ғалым «тіл қозғалысының өз заңдылықтары» деп, ал сыртқы факторларды бұл «...заңдылықтардан тыс тұратын жағдайлар» [16, 163 б.] тұрғысынан сипаттап анықтады. «Сөз құдіретінің» алғашқы бөлімін шартты түрде «Талдаулар мен танымдар» деп атаған Р. Сыздық көркем әдебиет тілін зерттеу арқылы «тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсетуді» [16, 5 б.] мақсат еткендіктен, оның диалектика заңдарына бағынған лингвистикалық талдаулары, ең алдымен, тілдегі қалыпты жағдай мен қозғалысты, ұрпақтан ұрпаққа берілер «сөздік қойма» мен әрдайым толығып отырар тілдік құбылыстарды, атап айтсақ, авторлық қолданыстарды, көркемдеу құралдарын, стильдік оралымдарды сипаттауға бағытталды. Тілдік құбылыстарды тұрақтылық пен өзгеріс тұрғысынан айғақтаған ғалым сөздің қолданылу аясын екі жақты процестің сабақтастығы әрі «әдебиеттанушымен қатар тіл маманының көзімен» [17, 20 б.] қарап өлшенетін ғылыми-танымдық ізденіс тұрғысынан зерделеді. Оның себебін автор «Бұлайша, «екі қарап, бір шоқудың» құндылығы сонда, көркем шығарманың микродүниесі мен макродүниесі тұтас алынғанда ғана оның мазмұны [идеясы] мен сол мазмұнның тілдік көрінісі – поэтикалық әлемі ашылады...» [17, 20 б.], - деп түсіндірді. Диалектика заңына бағынған жүйеліліктің арқасында тілтанымдық деректер мен талдаулардың ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін ашуға, оның табиғи болмысын жан-жақты сипаттауға және өзіндік қалыптасу, даму бағытын саралауға жол ашылары хақ.

Қорытынды

Адамзат тілімен сабақтаса, ішкі жан дүниесімен тұтаса қалыптасып дамитын бұл ұстанымдар, шын мәнінде, «әлемдік бейнеден», оның заңдылықтарынан бастау алатындықтан, тілтанымдық диалектика мәселелері де сол үйлесімді бірліктің ажырамас бөлшегі деп қабылданады, өйткені М. Оразовтың пікіріне сүйенер болсақ, «...қарсы қою объектив дүниедегі құбылыстарды жете тануға, оның құпия сырын терең үйренуге, адамға тікелей түйсік туғызбайтын түрлі қасиеттері мен сол қасиеттер арасындағы байланысты анықтауға жағдай жасайды» [18, 146 б.]. Қазақ тіл біліміндегі тілтанымдық диалектика ұстанымдары ұғымдық қарама-қайшылықтар негізінде түркі тілдерінің деректер табиғатын, қалыптасу жолын, даму бағытын айқындауға мүмкіндік беретін қағидалар тізбегін құрайды. Лингвистикалық салалардың ұзаққа созылған қалыптасу тарихы мен өзгеше нысаны, тілдің адамзат өмірінде атқарар қызметі мен маңыздылығы оның танымдық функциясын да антропологиялық ұстанымнан бастау алатын ерекшелік деп зерделеуге мүмкіндік берді. Осыған орай, тілтанымдық дереккөздер мазмұны мен сипатына қарай әрі өзге тілдік салалармен байланысу өзгешелігі негізінде маңызды әдіснамалық белгілермен сипатталды. Танымның күрделі табиғаты мен адамзат өмірінде алар орны оның болмысын кеңінен талдауға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар, өзге құбылыстармен сабақтасу ерекшеліктерін қарастыруға да септігін тигізеді сөзсіз, сол себепті бұл байланыстардың көзін адамның тіршілік ету нормалары мен рухани дамуының негіздері құрайтын әлеуметтік, психологиялық, халықтық және мәдени бағыттарды қамтыған фактілер құрады. Адамзат табиғатының өзіндік ерекшелігі, күрделі жаратылысы мен пәлсапалық бастауы оның танымдық диалектикасын да жан-жақты уәждеуге мүмкіндік берді.

Әдебиет

1. Уваров А.И. Нелинейная диалектика – философский метод планетарного разума.// Сб. науч. трудов. Актуальные проблемы социально-гуманитарных наук 2000.// [http://www. Hf. Msiu.ru/nauka](http://www.Hf.Msiu.ru/nauka) 1-5 htm.
2. Даниелян Н.В. К вопросу о сущности диалектики? // Сб. Актуальные вопросы диалектики (историко-философские аспекты). Тезисы XIII-й ежегодной научно-практической конф. кафедры философии РАН от 31 января – 1 февраля. – Москва, 2000. С.5961//<http://libelli.ru/works/ifran/ifran3.htm#%D0%B8%D0%BB%D0%B8%20%D0%B4%D0%BE%20%D0%BF%D0%BE%D1%81%D0%BB%D0%B5%D0%B4%D0%BD%D0%B5%D0%B3%D0%BE>.
3. Лоцилин А.Н., Лоцилина М.А. Диалектика методов и научного познания.// Сб. Актуальные вопросы диалектики (историко-философские аспекты) – Тезисы XIII-й ежегодной научно-практической конф. кафедры философии РАН от 31 января – 1 февраля. – Москва, 2000. – С.56 – 59.
4. Постовалова В.И. Язык как деятельность. Опыт интерпретации концепции В.Гумбольдта. – М.: «Наука», 1982. – 222 с.
5. Ысқақова Р, Ғабитов Т. Логика. – Алматы: «Раритет», 2004. – 232 б.
6. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 320 б.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.
8. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – 368 б.
9. Академик Нығмет Сауранбаевтың еңбектері. II том. – Алматы, 2000. – 392 б.
10. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. Таңдамалы еңбектері. Проблемы казахского языкознания. Избранные труды. – Алма-Ата: «Наука», 1982. – 352 б.
11. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т., 2004. – 560 б.
12. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 304 б.
13. Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 610 б.
14. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 232 б.
15. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 616 б.
16. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы «Санат», 1997. – 224 б.
17. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 208 б.
18. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: «Рауан», 1991. – 216 б.

Reference

1. Ývarov A.I. Nelіneynaya dialektika – filosofskiy metod planetarnogo razýma [Non-linear dialectics - the philosophical method of planetary mind]. Sb.nauch.trýdov. Aktýalnye problemy sotsialno-gýmanitarnyh náyk 2000 [Collection of scientific works. Actual problems of social sciences and humanities 2000]. // [http://www. Hf. Msiu.ru/nauka](http://www.Hf.Msiu.ru/nauka) 1-5 htm [in Russian].
2. Danielian N.V. K voprosý o sýnosti dialektiki? [On the question of the essence of dialectics?]. Sb. Aktýalnye voprosy dialektiki (istoriko-filosofskie aspekty) – Tezisy XIII-ı ejegodnoi náychno-prakticheskoi konf. kafedry filosofii RAN [Collection. Topical Issues of Dialectics (Historical and Philosophical Aspects). Abstracts of the XIIIth Annual Scientific and Practical Conf. Department of Philosophy, RAS]. 31ianvaria – 1 fevralia. – Moskva, 2000. – P. 59 -61 //<http://libelli.ru/works/ifran/ifran3.htm#%D0%B8%D0%BB%D0%B8%20%D0%B4%D0%BE%20%D0%BF%D0%BE%D1%81%D0%BB%D0%B5%D0%B4%D0%BD%D0%B5%D0%B3%D0%BE>. [in Russian].
3. Loilin A.N., Loilina M.A. Dialektika metodov i náychnogo poznanіia [Dialectic of methods and scientific knowledge]. In: Sb. Aktýalnye voprosy dialektiki (istoriko-filosofskie aspekty) – Tezisy XIII-ı ejegodnoi náychno-prakticheskoi konf. kafedry filosofii RAN [Collection. Topical Issues of Dialectics (Historical and Philosophical Aspects). Abstracts of the XIIIth Annual Scientific and Practical Conf. Department of Philosophy, RAS]/ 31 ianvaria – 1 fevralia. - Moskva, 2000. – P. 56 – 59. [in Russian].
4. Postovalova V.I. Iazyk kak deiatelnost. Opyt interpretatsii kontseptsii V.Gýmboldta [Language as an activity. The experience of interpreting the concept of W. Humboldt]. Moscow, «Náyka», 1982. 222 p. [in Russian].
5. Iskakov R., Gabitov T. Logika [Logics]. (Almaty, «Raritet», 2004, 232 p.). [in Kazakh].
6. Batýrsynov A. Sochinenіia. Stihі, perevody, issledovanіia [Compositions. Poems, translations, research]. Almaty, Jazyshy, 1989. 320 p. [in Kazakh].
7. Jýbanov K. Issledovanіia po kazahskomý iazykú [Studies in the Kazakh language]. Almaty, Gylym, 1999. 581 p. [in Kazakh].

8. Amanjolov S. Osnovy teorii kazahskogo iazyka [Fundamentals of the theory of the Kazakh language]. Almaty, Naýchno-izdatelskii tsentr «Gylım», 2002. 368 p. [in Kazakh].
9. Trýdy akademika Nygmeta Saýranbaeva. Tom II. [Academician Nygmet Sauranbaev's works. Volume II]. (Almaty, 2000, 392 p.). [in Kazakh].
10. Saýranbaev N.T. Problemy kazahskogo iazykoznanııa. Izbrannye trýdy [Problems of Kazakh linguistics. Selected Works]. Alma-Ata, «Nauka», 1982. 352 p. [in Kazakh].
11. Kaidar A. Narodnaia mýdrost (tolkovyi slovar kazahskih poslovits i pogovorok i issledovanie) [Folk wisdom (explanatory dictionary of Kazakh proverbs and sayings and research)]. Almaty, toǵanaı T., 2004. 560 p. [in Kazakh].
12. Kaidar A. Aktýalnye problemy kazahskogo iazyka [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty, Ana tılı, 1998. 304 p. [in Kazakh].
13. Kaidar A. Qanly. Almaty, «Daik-Press», 2004. 610 p. [in Kazakh].
14. Syzyk R. Slova govoriat [Words speak]. Almaty, Arys, 2004. 232 p. [in Kazakh].
15. Syzyk R. Abai i natsionalnyi literatúrnyı iazyk kazahov [Abai and the national literary language of the Kazakhs]. Almaty, Arys, 2004. 616 p. [in Kazakh].
16. Syzyk R. Sila slova [The power of a word]. Almaty, Sanat, 1997. 224 p. [in Kazakh].
17. Syzyk R. Pleteniıa iz slov Abaıa [Weaving from the words of Abai]. Almaty, Arys, 2004. 208 p. [in Kazakh].
18. Orazov M. Semantika kazahskogo iazyka [Semantics of the Kazakh language]. Almaty, Raýan, 1991. 216 p. [in Kazakh].

E.N. Orazaliyeva

*Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan
(E-mail: elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz)*

Cognitive-dialectical principles of the study of Turkic languages

